

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамын мемлекеттік тіркеу орны бойынша "Мұнаймаш", "Нефтестрой", "Ақтау құрылыс басқармасы", "Химремонтскважин", "Арай", "Бозашы технологиялық көлік", "Маңғыстауэнергомұнай", "Бұрғышы", "Маңғыстау мұнара", "Маңғыстау технологиялық көлік", "Ремқазтракт", "Маңғыстау мұнай жолдары", "Шегендеу", "Жетібай мұнай құрылыс", "Жетібай технологиялық көлік", "Мұнайшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің бірыңғай салық төлеушісі деп белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 3 наурыздағы N 164

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-күжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы мемлекеттік тіркеу орны бойынша, қызметін бірыңғай өндірістік кешенде 1997 жылдың есебі бойынша жүзеге асыратын кәсіпорындар ретіндегі "Мұнаймаш", "Нефтестрой", "Ақтау құрылыс басқармасы", "Химремонтскважин", "Арай", "Бозашы технологиялық көлік", "Маңғыстауэнергомұнай", "Бұрғышы", "Маңғыстау мұнара", "Маңғыстау технологиялық көлік", "Ремқазтракт", "Маңғыстау мұнай жолдары", "Шегендеу", "Жетібай мұнай құрылыс", "Жетібай технологиялық көлік", "Мұнайшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің бірыңғай салық төлеушісі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі